

Қ. Қалдыбайұлы, М.Ө. Насимов

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Ғасырлар тоғысы әлем елдерінде ұлттық қауіпсіздіктің жаңа түсініктері мен үлгілерінің туындауымен ерекшеленді. Мұның барлығы қазіргі жаһандық мәселелер сипаттамасын ұғыну арқылы түрлі объективтік және субъективтік факторлардың пайда болуымен нақтыланып, жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуы ғаламдық геосаяси жағдайлардың өзгеруіне ықпал етеді. Сонымен қатар, қазіргі жаһандық халықаралық мәселелер мен тенденциялар көптеген елдердің ұлттық қауіпсіздігіне кейбір өзінің қатерлерін тигізетіні жасырын емес.

Сондықтан қазіргі ұлттық қауіпсіздіктің философиясы әлемдік қауымдастықтың дамуындағы жаңа тенденцияларды ескере отырып, мемлекеттің қауіп-қатерсіз саясатын жүргізудегі халықаралық және ұлттық факторлар үйлесімділігі бойынша мемлекет, қоғам және азаматтардың мүддесін ескеріп саналы қимылдарға барғаны жөн деп санаймыз.

Бұл тұста Елбасы, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі ең маңызды тарихи оқиға болып табылатыны анық. Өйткені, Жолдау аясында көрсетілген мәселелер мемлекеттің бағытын айқындап, еліміздің әлеуметтік-саяси жағдайын сипаттайды. Елбасы Жолдауында аталатын әр сөздің мақсаты екі негізгі міндетті атқарады.

Біріншіден, Жолдау алдағы күндерге қойылған мемлекет саясатының негізгі бағыттарын айқындайды. Елбасының Жолдауы мемлекеттік органдардың тұрғындармен байланыс қызметінің келісілген демократиялық көзі болып саналады және ол – кері байланыстың негізгі көзі. Жолдаудың барлық мазмұны қоғам мүшелері үшін айдан анық, ашық. Барлық басым бағыттар, міндеттер мен мақсаттар мемлекеттік органдар, тұрғындар, сарапшылар мен ғалымдар үшін транспарентті құбылыс.

Екіншіден, Жолдау мемлекеттік орган қызметін қорытындылаудың құжаты секілді. Елбасы жыл сайын өз Жолдауын арнағанда болашаққа деген міндеттермен қатар, атқарылған жұмыстардың қорытындыларын айшықтайды, жетістіктерді аша түсіп, мардымсыз жүріп жатқан мәселелерді шешу жайын түсіндіреді. Сондықтан қазақстандықтар қандай нәтижелерге жеткенімізді бағалап, прогрестің бар екенін анықтай түседі.

Елбасының әр жылғы Жолдауы тарихи маңызы мол күрделі құжат және әрқайсысының

жүгі бөлек. Елбасы әр Жолдауда қоғамдық өмірдегі маңызды экономикалық және саяси мәселелерді ұлттық қауіпсіздік аспектілері негізінде қарастырады.

«Қазақстан-2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы» атты Қазақстан дамуының ұзақ мерзімді стратегиясында ел перспективаларына қол жеткізуі үшін жасалған ұзақ мерзімді жеті басымдықтың біріншісі **«ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК. Аумақтық тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету»** болды. Бұл жолдауда айтылғандай: «Қауіпсіздіктің басымдығы анық: егер еліміз қауіпсіздігін сақтамаса, онда тұрақты даму жоспарлары туралы сөз қозғауымыздың өзі қисынсыз. Бабаларымыздың өз мемлекетінің іргетасын қалауы мен дамытуын шолып қарағанда, олардың өз мемлекеттілігін сақтап қалу үшін тарихи ауыр және қатал күрес жүргізгенін айқын көрсетеді. Осы стратегиялық міндеттің шешімін үнемі іздестіру қажеттігі бізден қалыптасып отырған жағдайды геостратегиялық күштермен және олардың өзгеру серпінімен теңдестіре байсалды әрі барабар бағалауды талап етеді.

Қазақстанның қазіргі кездегі және жақын болашақтағы ұлттық қауіпсіздігіне төнуі ықтимал қауіптің тікелей әскери басып кіру және мемлекеттің аумақтық тұтастығына қатер төндіру сипатында болмайтынын біз түсінеміз. Ресейдің де, Қытайдың да, Батыстың да және мұсылман елдерінің де бізге шабуыл жасауға итермелейтін сылтауы жоқ екені айдан-анық. Бұл тыныштық пен тұрақтылықтың болжап білуге болатындай қашықтығы Қазақстанның экономикалық әлеуетін тиімді нығайту үшін пайдаланылуға тиіс, соның негізінде біз **ұлттық қауіпсіздіктің** сенімді жүйесін құра аламыз» [1].

Иә, бұл Елбасы Жолдауында сонау 1997 жылдары айтылған басым ерекшеліктеріміз еді. Бүгінде ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында «Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылы» ұранымен өтуінің негізгі даму базисі осы кезеңнен бастап әлемдік қауымдастық алдында қаланды.

Елбасы осы Жолдаудағы стратегиялық дамуымызды төмендегідей жалғайды: «Қауіпсіздік пен тұтастық мәселелерінде біз үнемі қырағы болуға тиіспіз. Біздің көрсетіп отырған және болашақта да көрсете беретін ізеттілігіміз

бен меймандостығымыз тіпті де аңқаулық пен кіріптарлықтың көрінісі емес.

Ұлттық қауіпсіздік басымдықтарының деңгейіне мықты демографиялық және көші-қон саясаты шығарылуға тиіс. Егер біздің мемлекеттік органдарымыз бұған бұрынғысынша немқұрайдылықпен қарайтын болса, онда біз ХХІ ғасырдың қарсаңында Ресейдің артынан адам саны сыртқы көші-қон процестерінен ғана емес, табиғи жолмен кеми беретін «демографиялық оппа» жағдайына тап боламыз. Бұл тенденция дереу тоқтатылуға тиіс» [1, 31 б.].

Елбасының 2010 жылғы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауындағы көшбасшылыққа қазақстандық жолдың 2020 Стратегиялық жоспарын атқарудың бесінші міндеті ұлтаралық келісімді нығайту, **ұлттық қауіпсіздікті** арттыру, халықаралық қарым-қатынасты одан әрі дамыту болып табылады. Ішкі саяси сала мен **ұлттық қауіпсіздіктің** 2020 жылға дейінгі негізгі мақсаттары қоғамда келісім мен тұрақтылықты сақтау, ел қауіпсіздігін нығайту болып қала береді [2].

Міне, осы айтылған тұжырымдар негізінде тәуелсіз еліміз халықаралық қарым-қатынастарда мол табыстарға жетті. Мәселен «Сенім. Дәстүр. Ашықтық. Төзімділік» ұранымен өткен Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалығының жетістігіне еліміз ғана емес, бүкіл әлем куә болды. **TRUST** – бұл кез келген күдіктің орын алмай, толық салиқалылықты сезіну болып табылады. **TRADITION** – ұрпақтан ұрпаққа жеткен барлық қоғамдық қатынастарды реттейтін жоралғы, дағдылар мен икемділік турасындағы көзқарастар жиынтығы. **TRANSPARENCY** – ақпаратқа қолжетімділік бағытындағы құпиялылықтың жоқтығы, деректің нақтылығы мен мөлдірлігі. **TOLERANCE** – өзгенің өмір-салтына, мінез-құлқына, салт-дәстүріне, сана-сезіміне, пікіріне, идеяларына, нанымына төзімділік. Міне, осы қоғам жаңғыруына қажетті құбылыстар біздің тәуелсіз мемлекетімізге тән. Мұның барлығы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жүргізіп отырған байсалды саясатының жемісі.

Қазақстан әлемдегі беделді ұйымға төрағалығы жылында аталмыш Ұйым беделінің жоғарылауына өзіндік үлесін қоса түсті. Әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелермен қатар, еліміз үшін маңызды кездесулердің іргетасы қаланды. Мәселен, төрағалықтың алғашқы кезеңіндегі Брюссельде ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы төрағасы, Мемлекеттік хатшы – Сыртқы істер министрі Қ.Саудабаевтың Еуропалық Комиссия президенті Ж.М.Баррозу және Еуропалық инвестициялық банк президенті Ф.Майштад, НАТО-ның

Бас хатшысы А. Фог Расмуссен, АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Х.Клинтон және АҚШ Энергетика министрі Чу, АҚШ Президентінің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Дж. Джонс, Мемлекеттік хатшының саяси мәселелер жөніндегі орынбасары У.Бернс, АҚШ Президентінің Ауғанстан жөніндегі арнайы өкілі Р.Холбрук, сондай-ақ басқа да құрылымдар басшыларымен кездесулері Қазақстан мерейін жоғарылата түсті. Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ төрағалығы қызметіне кірісуіне орай Президент Н.Ә.Назарбаевтың Вена қаласындағы үндеуі мен Қ.Саудабаевтың ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің 789-шы отырысында сөйлеген сөздері еліміздің төрағалық жылындағы жемісті қимылдар жүргізудің көрсеткіші іспеттес.

Жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдық пен жаңа әлемдік шарттардағы 11 жылғы үзілістен соң Еуразия жүрегіндегі Астана қаласында өткен Саммит ЕҚЫҰ-ның баға жетпес жетістігі. Саммит жұмысына ЕҚЫҰ-ға мүше және серіктес елдерден 73 ресми делегация, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуроодақ, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық экономикалық қауымдастық, Шанхай ынтымақтастық ұйымы секілді бірқатар халықаралық және аймақтық ұйымдар өкілдерінің қатысуы оның мәртебелігі мен жоғары деңгейлігін көрсетті. Сондықтан бұл жиында қозғалған мәселелер ЕҚЫҰ-ның алдағы онжылдыққа бағытталған негізгі міндеті саналатын мемлекетаралық ұйымдар шеңберіндегі сенім мен интеграцияны бекітіп, қарама-қайшылықтардың алдын алуға септесетіні анық.

Ұйым тарихында жетінші рет өткен Саммитте Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Мемлекетіміз Ұйымды дағдарыстан шығаруды міндет етіп қойды. Біздің бұл қимылдарымызды серіктес елдер өз дәрежесінде бағалайтындығына сенімдімін. Ұйымды жаңарту процесі – бұл ұзақ басымдықтарға есептелген біздің жалпы міндет». Еңселі еліміздің тұғырын биіктетіп, саяси тұрақтылықтың қалыптасуына ықпал еткен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың төрағалық жылында айтқан бұл сөздері арман емес, орындалатын ақиқат екендігі айқындалды.

Елбасымыздың ЕҚЫҰ институттарын кеңейту туралы ұсынысына әлемдік қауымдастық қолдау білдірді. ХХІ ғасырдың қауіпсіздік жүйесіндегі экономикалық прагматизм экономиканың тұрақтылығына ықпал ететіні анық. Осы идея шеңберінде энергетикалық қауіпсіздік пен экономикалық қарым-қатынас жөніндегі кеңестер құру ұйым құрылымын күшейтуге септігін тигізеді. Ұйымның экологиялық форумы қоршаған ортаны қорғау бойынша көптеген ғаламдық мәселелерді шешетіні белгілі.

Саяси қақтығыстардың тарихи алғышарттары, қоғамдық қатынастардың саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуындағы дағдарыстың құбылыстарымен байланысты. Қақтығыстардың жылдам өршуі әлеуметтік-саяси және ұлттық-мемлекеттік құрылыстың трансформациясының үздіксіз жылдамдықпен жүруінде еді. Әлемде қақтығыстық аймақтардың сақталуы тек Қазақстанды ғана емес, бүкіл әлемдік қауымдастықты алаңдатады. Өйткені, тұрақсыздық аймақтары лаңкестік пен есірткі бизнесінің, бұқаралық депортациялар мен этностық қуғындардың даму шарттарын қалыптастырады. Елбасының Астанада орналасуы тиіс деп атап көрсеткен ЕҚЫҰ-ның қауіпсіздік институтын құру қауіпсіздіктің түрлі мәселелерін болжау жұмыстарын ұйымдастыруды реттейді.

Жалпы Еуропалық қауіпсіздіктің парадигмасына өзгеріс енген Астана қаласында Еуразияның жаңа келешегі қаланды. Бұл күнге Қазақ елі ерен еңбектің нәтижесінде қол жеткізді. Мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздігін сақтай отырып, сыртқы байланыстарды жоғары деңгейде дамыту – үлкен жауапкершіліктің иесіне тән қасиет. Елінің келешегін бүгіннен еңселі еткен Елбасына халқымыздың сенімі мол. Батыс құндылықтары мен шығыс дәстүрлерінің синтезі негізіндегі Қазақстанның бағындырар белестері әлі алда деп білеміз.

Тәуелсіз Қазақстан өзінің 20 жылдығы қарсаңында тағы бір маңызды халықаралық деңгейдегі ұйым төрағалығына кірісті. Астанада көптен күткен Ислам конференциясы ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің 38-ші сессиясы ашылып, Тәжікстан төрағалық өкілеттігін Қазақстан Республикасына тапсырды. Тек Қазақстан ғана емес, мұсылман әлемі жұртшылығы асыға күткен бұл төрағалықтың алғашқы күнінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысымен ислам елдеріндегі беделі жоғары қауымдастық Ислам ынтымақтастық ұйымы деп атала бастады. Ислам ынтымақтастық ұйымының жаңа белгісі Ислам әлемінің бүгінгі көрінісін айқындап, барша мұсылмандарды бірлік пен ынтымақтастыққа шақырады. Еліміздің төрағалыққа кіріспес бұрын мұндай қимылдарға баруы бұл төрағалықтың да салтанатты жеңісінің бастамасы деп бағалауға болады. Сондықтан бұл төрағалық қазақ елінен үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Ислам ынтымақтастық ұйымына мүше 57 елдің сыртқы саясат ведомстволарының басшылары, 11 бақылаушы елдің өкілдері, БҰҰ, ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ЕҚЫҰ, ЕКПА, АӨСШК, ШЫҰ, ҰҚШҰ, ЕурАзЭҚ халықаралық ұйымдарының өкілдері, АҚШ, Ұлыбритания,

Австралия, ҚХР, ЕуроОдақ сияқты өзге елдердің өкілдері қатысқан жиында Елбасымыз Қазақстанда ғана емес, ислам елдерінде атқарылатын біршама жұмыстар бастамасын көтерді. Сонымен қатар, екі маңызды міндетті атап көрсетті. «Бірінші міндет - саяси идеология ретінде діни фундаментализмге қарсы тұруды үйрену. Біз Исламның саяси зорлық-зомбылықпен, экстремизммен және лаңкестікпен ешқандай байланысы жоқ екендігін үзілді-кесілді мәлімдеуге тиістіміз. Бүкіләлемдік Жетінші Ислам экономикалық форумында мен біртұтас медиялық ислам жобасын жасау жөнінде ұсыныс жасадым. Қазір осы жобаға қарсы Интернетте «жаңа медиялық» қуатты қарсылықтар қарқын алуда. Осыған байланысты мен мұсылмандық рухани құндылықтарды тарататын, жастардың Ислам діні мен мәдениетіне деген қызығушылығын арттыратын, біздің ұйымымыздың қызметін насихаттайтын е-ISLAM Интернет-ресурсын құруды ұсынамын. Бұл ресурс Ұйым қызметінен ақпарат таратып, жастардың дінге, ислам мәдениетіне қызығушылығын ынталандырып, рухани мұсылмандық құндылықтарды ғаламтор арқылы таратуы шарт» [3], - деп өз сөзін жүйелі түрде жеткізді. Бұл идеядан нағыз зайырлы мемлекет басшысының ойларын көреміз. Мемлекетімізде көптеген ұлт өкілдері мен дін өкілдері бейбіт өмір сүріп, басым көпшілігі ислам дінін ұстануда. Елбасымыздың саяси ой-өрісінің кеңдігі - дінді жанамалап халықтың тыныштығын бұзатын экстремистік ұйымдардың етегінде жүретіндерге тікелей тура жолды көрсету болды.

Елбасының екінші міндетінде: «Мұсылман әлемі және Батыс әлемі арасындағы ашық және әділетті үнқатысуды барынша жандандыру керек. Қазақстанның ИКҰ-ға төрағалығы міне, осы игілікті мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған. 2008 жылы Астанада бірінші рет Мұсылман әлемі мен Батыстың сыртқы істер министрлерінің Конференциясы өткізілді. Бізге Батыс және Умма мемлекеттері арасындағы өзара түсіністікті тереңдету жөніндегі үнқатысу үшін 60-тан астам мемлекет пен халықаралық ұйымның өкілдерін жинауға мүмкіндік туды. Менің ойымша, ресми тұлғалардың осындай үнқатысуын өткізуді жалғастыру қажет» [3], - деді. Еуразиялық идея тұжырымдамасын ұстанған еліміз өз сыртқы саясатында халықаралық байланыстарды Еуропа және Азиямен ұштастырып қана қоймай, екі бағыт жолында белсенді саясат жүргізіп жатқаны анық. Енді мемлекетіміз үшін өткен жылғы ЕҚЫҰ төрағалығы кезеңіндегідей Еуропа төріндегі жетістіктерге Ислам ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі кеңістіктегі қатынастарды

кеңейтіп, батыс құндылықтары мен шығыс дәстүрлерінің синтезі негізінде дамып келе жатқан Қазақстан тәжірибесін көрсету міндеті тұр.

Ұлт көшбасшысы өзінің қорытынды сөзінде: «Қазақстанның Ұйымға төрағалығы «Бейбітшілік, Ынтымақтастық және Даму» ұраны аясында өтуі бекер емес. Осы үш өлшем бойынша біршама жетістіктерге қол жеткізген біздің еліміз Ислам Ынтымақтастық Ұйымы беделінің арта түсуіне күш салады» [3], - деген болатын. Қазақстан Республикасының негізгі әлемдік мәселелерді шешуде бейбітшілік пен жасампаздығымыздың 20 жылдығы айқындайтыны анық.

Қорыта айтқанда, халықаралық саяси сахнадағы «Шығыс – Батыс» үнқатысуы контекстіндегі маңызды шаралар ұйытқысы болып жүрген Қазақстанның жаңа табысы осы төрағалық кезеңінде жоғары динамикалық өзгерістерге әкелетініне ел тұрғындарының сенімі мол. Сыртқы саясаттағы еліміздің тәжірибесін үлгі ретінде қарастыратын өзге мемлекеттер арасында алдағы уақытта Қазақстанның рөлі артатыны дәлелді қажет етпейтіні белгілі. Бүгінгі ішкі және сыртқы саясаттағы ұлттық қауіпсіздік жетістіктері Елбасы, Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың тұлғасымен тығыз байланысты. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды күйзеліссіз, ұлттық қауіпсіздік шеңберін сақтаған Ұлт көшбасшысы ғана қоғамдағы келісім мен тұрақтылыққа жеткізе алады.

Бұл мақалада халықаралық қарым-қатынастарға таладау жасалынып оның даму ерекшеліктері қарастырылады. Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйыдардың түлері аталынып оған саяси-философиялық тұрғыда ізденістер көрсетілдеі.

1. *Қазақстан-2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. – 27-28 бб.*

2. *Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2010. – 30 қаңтар.*

3. *Бейбітшілік, Ынтымақтастық және Даму. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Астанада өткен Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің 38-сессиясындағы сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 2011. – 29 маусым.*

В данной статье выявляется сущность и место международных отношений как основа Национальный Безопасности. Рассматриваются ее социальные функции, а также дается анализ понятиям «международные отношения» и «национальная безопасность».

In this article essence and place comes to light international relations as basis National Safety. And also is given analysis to social functions are examined and analysis to concepts international relations and National Safety.

А.А. Абдралилов

ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭЛЕКТРОННО-ИНФОРМАЦИОННОГО ОБЩЕСТВА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Быстрый рост коммуникативных технологий в стране в конце XX века и в начале XXI века не только показывает формирование информационного общества в Республике Казахстан, но и ставит задачу изучения новых методов, прогнозов широкого распространения опыта социологической культуры перед отдельными учеными и научной средой. Интенсивность влияния глобальных явлений на общественные отношения за короткое время изменило коммуникативность настроения общества, поставило в повестку дня вопросы всестороннего развития физического лица перед окружающей общественной жизнью. Как показал опыт последующих годов, ключ разностороннего развития физического лица не только во внедрении

рыночных отношений или высокоэффективных технологий в экономику стран мира, но и в устранении социальных противоречий, благодаря основным изменениям, возникшим между отдельными социальными группами.

В связи с этим интернет играет важную роль в развитии социума.

Информационное общество, эволюционное продолжение прогресса индустриального общества. Здесь наряду с использованием с высокой скоростью информационных средств, развиваются отделы, соответствующие структуре, работают новые информационные и коммуникативные технологии, возникшие в результате технологических реформ. Свободный доступ в информационный мир – явление, присущее